

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1909 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 432 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2640. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 321 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұда әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:*

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*Күші жойылды деп танылған  
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесі*

*3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1909 тіркелген Сақтандыру "қайта сақтандыру" ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 432 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2640 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 1 (275) басылымдарында 2004 жылғы 1-18 қаңтарда жарияланған).*

*Төраға*

---

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1909 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 29 шілде - 11 тамызда N 16(238) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ерікті түрде сақтандырудың сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша, "медициналық сақтандыру" класы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын қоспағанда - қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының кемінде 50 проценті";

2 ) т а р м а қ ш а д а :

"75" деген сан "65" деген санмен ауыстырылсын;

"сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша - сақтандыру резервтерін есептеу күніне дейін соңғы он екі ай ішінде есептелген" деген сөздер "қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) және Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (Жерембаев Е.Е.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК